


ISSN 0134—3580

# Аннотации



9' 2006





Серік НЕГИМОВ

## Шоқайдан — алғыс, Мағжаннан мақтау алған Хайретдин Болғанбаев

Ұлт баспасөзі мен журналистикасының негізін қалаушылардың бірі, көсемсізші, ұстаз-педагог Хайретдин Болғанбаев — қазақ халқының рухани көсемі Әлихан Бөкейхан бастаған Алаш зиялыларының сапындағы бірегей жатқыр тұлға. Ұлт санаткерінің ойшылдық-зерделіліктен, мейірім-шарапаттан, рақым-қйұштарлықтан туындаған түйінді ой-пікірлері, елдің есеюі, көркеюі жолындағы ардақты істері, ағартушылық қызметі — ұлт руханияты тарихындағы айрықша бір құбылыс, өзгеше бір өлем.

Задында, әлем-тапырық, апалаң-топалаң, абыр-жұбыр өліара заманда бәйгеге тігіп, жанын шүберекке түйіп, нар тәуекел деп қып-қызыл майданға түсу Алаш қайраткерлеріне тән қасиет еді. “Аталы сөзі атан түйеге татитын” тарланбоз Хайретдин Болғанбаев та ұлт тәуелсіздігі, жерсу, орман-ну тағдыры, оқу өнері, ғылым үйрету, оқулықтар туралы ой-толғамдарын “Қазақ”, “Бірлік туы”, “Сарыарқа”, “Ұшқын”, “Ақ жол”, “Еңбекші қазақ” газеттеріне жариялағаны мәлім. Алаш мұрасын ыждаһатпен зерделеуші Дихан Қамзабекұлының көрсетуінше, “Бірлік туы” газетіне (N 7-14) редакторлық жасаған, “Еңбек туы” газетінің алқа мүшесі болған, “Қазақстан” мемлекеттік баспасында алқа мүшесі ретінде қызмет атқарған, Түркістан автономиясын, Ақмолада Алаш комитетін құруға барша күш-қуатын сарқа пайдаланған.

“Халықаралық деңгейдегі қайраткердің” (Д.Қамзабекұлының сипаттамасы) “Медресе Хасениеде қазақ балалары” дейтін мақаласында қазақ балаларының қаншалықты дәрежеде оқуға ұмтылып жатқаны, әсіресе, бай балаларының оқуға қырын қарайтындығы, “ғылым іздеп талпынып жүргендер көбінесе жарлы балалары” екендігіне қынжылады. Сіңірі шыққан кедей балары “қанша талаптанса да қолдарының қысқалығынан жігерлері құм болып кйлаған жерлеріне жете алмай орта жолда қала береді” дейді. “Өздері ғылым керек қылмаған байлар бұларды сүйемелдеп жіберуді әлі білмейді, — деп жазады Хайретдин Болғанбаев. Бір уақытта малын орнына жұмсайтындар да шығар”. Танымы терең, жоғары мәдениетті, алғыр тапқыр Х.Болғынбаев қазақтың бойындағы оғаш мінез-құлықтарды да атап өтеді. Аталарының бала сүю осы екен деп көзінен таса қылмайды. Сондықтан да тұйық өмір кешкен олар “жол көрген, жөн үйренген, дүниенің барлық қулық-сұмдығын неше жыл мектеп-медреселерде оқып шыққан балаларымен қайтіп жағаласар?” деген күдік-күмәнін де жайып салады. Салиқалы, саналы ардагердің салмақты ойынша, “енді бұрынғыдай иен дала, кең жайлауды бір өзің билеп, басқаларды маңайыңа жуытпай, күнелтетін заман өтті. Мұнан былай жағаласып, жармасып қана күнелтетін болады”. “Алтыннан қадірлі болған бәйшешектей

жас уақытыңды мектеп-медреседе” өткізгенге не жетсін! Мәселенің мәнін, себебін, негізін жіті зерттегіш Хайретдин Болғанбаев: “Енді бұл жұрттың ауруына ем, адасқаныңа жөн сілтеп ілгері бастыратын ерлер керек. Жұрттың жұрттылығын сақтап, ұйқысын ашатын ерлер” деп ардан жаралған, арыстан туған ерлерді армандайды.

Жалын мен оттан жаралған, алыстан болжап, тереңнен ойлайтын Хайретдин Болғанбаев әрбір мақаласында мейлінше сара пікірлер өрбітіп, жұтынып жеткізеді.

Оқу әдістемесі, емле, әліппе түзу, оқулық жасау, мұғалімнің шеберлігі, жазушының сөз саптауы, осынау екі тұлғаның қазақ тілін қолданудағы үндестігі, бір арнада болуы, “Қазақ” газетінің емлесін қабылдау — “Ашық хат. Ғабдолла Шоқаевқа” мақаласының ең басты нысаналары. Он тоғыз жастағы Хайретдин Болғанбаевтың мына бір пайым-парасатқа ие асқақ та жалынды лебізін тебіренбей оқу мүмкін емес: “Қазақ осы күні мұқалмаған, қылау түспеген, қалай жаратылса, сол қалпында тұрған бір жұрт. Қазақта кірленбеген саф заһан бар. Тотықпаған таза рух бар. Қазақтың кеудесінде табиғаттың берген қуаты әлі шашылмаған. Қазақтың мыйы жұп шар, шоқпармен ашымаған. Енді бұл жұртты ілгері бастыру үшін өзінің осындай қасиеттеріне пайдалану керек. Қазақтың көшін бастаған азаматтары оның мыйын ашытпай, басын айналдырмай түзу жол тауып тура бастасын”. Ұлтына, жұртына деген ізгілікті құрмет осындай болу керекті! Бабалардың арман-аманатындай, серт сөзіндей, сап таза толғауындай естіледі.

Ел ішіндегі партияшылдық сияқты сұмдық-сойқандарды көргенде: “Иә, Алаш! Адасқан Алашыңды тура жолға өзің баста!..” деп, жоғарыдағы кереметке сыйынады.

Қазақтың құтты, шүйгінді, берекелі даласына құртша құжынап мұжықтар келе бастағанын, жергілікті ұлттың қара шекпенділерден қорлық-зорлық, теперіш көре бастағанын, “сорлы қазақ бір күн етке тойса, жүз жылғы пайдасын ұмытатынын”, “орысқа жалдап тоздырып алған жерді соңынан өңдеп іске жарату екі бастан біздің қазақтың қолынан келмейтінін”, азын-аулақ тұяғын “арқандап отырып бақпаса, қалай бағатынын”, жалқаулықтың, енжарлықтың салдарынан бақыттың құсын өзі үркітіп ұшырғанын қынжылыспен баяндайды. “Сауда қылуды білмейсің: ауылыңдағы дүкен иә орыс, иә ноғайдікі; өнер білмейсің; үйінді салып жатқан ылғи ноғай, ең ақыры киіміңді өзің тігуге үйренбей ноғай тігушіге ақша беріп отырсың... Ең аяғы моншаға дейін”, — деп жазады “Жер жалдау” мақаласында.

Түркі жұрттарының “қайыспас қорғаны”, “кемеңгер атасы, көсемі” Исмағилбек Ғаспринский мен қазақты сәулелендіру жолында “кеудесіндегі ғылым нұрын аямаған” Г.Н.Потанин жайындағы ой-пікірлері де сонылығымен қызықтырады. Сондай-ақ Орынборда 1915 жылдың 11 сәуір күні қазақ-ноғай жастарының ұйымдастыруымен өткен әдебиет кеші жайлы мақаласында әдеби-мәдени деректер келтірілген. “Арғын” (А.Б.) ақын сырлы домбырасымен “Соқыр қыз”, “Камшат бөрік” әндерін шырқаса, Ғайнижамал Дулатова, Жаңыл Қайырбаевалар “Елімай”, “Кәндірғазы” әндерін орындайды. Мандолина, скрипка, гитара, сыбызғы сияқты музыкалық құралдардың сүйемелдеуімен күйлер ойналды, көркем сөз оқылды, ертегі айтылды, пьеса қойылды” деп жазады.

Ұлт зиялысы Хайретдин Болғанбаев “Иман күші” мақаласында ұлт қызметіне жегілген “Қазақ” газеті туралы ой толғайды. “Қазақ” газетінің баспахана сатып алғаны, мұсылманша хариіптер жасатқаны жөнінде мә-



ліметтер беріледі. Иә, “шығармашының сүйенгені жалғыз-ақ иманы еді, халыққа, халықтың санасына иманы еді” деп ой түйіндейді.

Ұлт тәуелсіздігін ісімен де, сөзімен де өркендетуге қайрат-жігерін сарқа жұмсаған Хайретдин Болғанбаев “Қоқант съезі һәм қазақ-қырғыз”, “Тұла бойлары қан сасиды”, “Алаш автономиясы”, “Елдің жайы”, “Өзгерістің бір тәулігі”, “Ташкент 17 (5-ші) апрель”, “Феурал өзгерісі”, “Совет хкіметі һәм Күншығыс” дейтін жазбаларында саяси-қоғамдық, әлеуметтік мәселелер түп-тамырынан қозғалып баян етіледі.

Тегінде, Алаш қайраткерлерінің ең негізгі мақсаты, нысанасы — Алаш автономиясын құру, қазақ мемлекеттігін орнату ғой. Бұл орайда Хайретдин Болғынбаевтың: “Алаш ордасы — ұлт істерінің басында тұратын күзетші”, “халықтың аталы істеріне бағыт көрсететін жетекші”, “неше миллион Алаш ұранды қазақ-қырғыз халқының ұлығ арманы”, “Алаштың бұл тілегі күннен-күнге өткірленіп күшейді һәм түбінде жеңеді” дейтін тастүйін толғамдары, айшықты оралымдары тәуелсіздік тұсында айбынды да, айбарлы естіледі.

Өрі-қыры бірдей Х.Болғынбаевтың суреткерлік шеберлігі “Алтын көл” әңгімесінен айқын танылады. Жып-жинақы әңгімеде ерекше бір күйлілік, сыршылдық, ғибраттылық бар.

Х.Болғанбаев өміршең де өткір ой-пікірлерін терең мағыналы мақал-мәтелдермен, ұшқыр да қанатты сөздермен, тобықтай түйінді фразеологизмдермен сәулеттендіре, жалындай маздата түседі. Мысалы: “Миға көнген дене азбас, Милыға ерген ел азбас”, “Ер иманы тау қозғайды”, “Көшбасшы ала болса, көш алаң”, “Үйде өскен бұзау, түзде өгіз болмас”, “Шабан — аурудың бірі” т.с.с.

Мағжан ақыннан “бір теңі жоқ, бір кемі жоқ” деп баға алған Хайретдин Болғанбаев — түркі тілдес халықтарға ортақ аяулы тұлға. Философия докторы Дархан Қыдырәлінің көрсетуінше, Х.Болғанбаев есімі атақты Зәки Уәлиди Тоғанның “Бүгінгі Түрік елі Түркістанның жақын тарихы” және “Естеліктер” атты еңбектерінде құрметпен аталады екен. “Хайретдин Болғанбаев. Шығармалары. Тағылымы” атты кітап — ғылыми аппараты толық-дәйектемесі, түсініктері, түйіні бар мәдениетті кесек зерттеу. Аталған еңбекті құрастырып-даярлаған филология ғылымдарының докторы, профессор Дихан Қамзабекұлы. Хайретдин мұрасы Астанадағы “Парасат әлемі” баспасынан жарық көріп отыр. Бұл туындыдағы маңызды дүние — Гүлнәр Хайретдинқызы Болғанбаеваның терең де тағылымды естелігі. Алаш қайраткерлерінің шығармашылық еңбегі, ұлт тәуелсіздігі жолындағы айтулы істері, саяси-қоғамдық қызметі, тағдыр-талай, өмір тарихы, ұлы тұлғаның тағылымы Н.Сапуанов, Қ.Нұрмағамбетов, С.Ақтаев, Т.Жұртбай, Ж.Бектұров, Д.Қамзабекұлы, Т.Боранғалиұлы, Қ.Кәмелова, Д.Қыдырәлі сынды қаламгер-зерттеушілердің мақалаларында кемел көрсетілген. Кітапта ұсынылған байырғы зиялылар тұсының фотосуреттері, құжаттар көшірмесі, Алаш кезеңінің маңызды бағдарламалары оқырман үшін аса пайдалы деп білеміз.

Тоқ етері, Хайретдин Болғанбаев киелі рухымен, қасиетті сөзімен, тегеурінді іс-қимылдарымен ортамызға оралды. Жақсылық ұзағынан болғай!

